

Қостанай облысы Сарықөл ауданы Барвиновка ауылының жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойылды

Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 360 шешімі. Қостанай облысының Эділет департаментінде 2020 жылғы 18 қыркүйекте № 9456 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 59 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 25.09.2023 № 59 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 18.02.2022 № 122 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Сарықөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Сарықөл ауданы Барвиновка ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Сарықөл ауданы Барвиновка ауылының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Мәслихаттың келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Қостанай облысы Сарықөл ауданының Барвинов ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 25 маусымдағы № 179 (2014 жылғы 18 тамызда "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік қызықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4943 болып тіркелген);

2) "Мәслихаттың 2014 жылғы 25 маусымдағы № 179 "Қостанай облысы Сарықөл ауданының Барвинов ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2018 жылғы 27 маусымдағы № 183 (2018 жылғы 19 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 7935 болып тіркелген).

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Б. Калкаев

Сарықөл аудандық мәслихатының хатшысы

К. Базарбаева

Мәслихаттың

2020 жылғы "14" қыркүйектегі

№ 360 шешімімен

бекітілген

Қостанай облысы Сарықөл ауданы Барвиновка ауылының жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары

Ескеरту. Қағидалар жаңа редакцияда - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 18.02.2022 № 122 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Сарықөл ауданы Барвиновка ауылының жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Барвиновка ауылының ауылдар тұрғындарының жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізу дің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участкерлерге (көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Барвиновка ауылының әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Барвиновка ауылының әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл шегінде жергілікті қоғамдастық бөлек жиынын өткізуді Барвиновка ауылының әкімі ұйымдастырады.

Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті көшениң қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде етті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Барвиновка ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Барвиновка ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға жергілікті қоғамдастық бөлек жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастық бөлек жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Барвиновка ауылы әкімінің аппаратына беріледі.

Мәслихаттың
2020 жылғы "14" қыркүйектегі
№ 360 шешіміне
қосымша

**Қостанай облысы Сарықөл ауданы Барвиновка ауылының жергілікті
қоғамдастығының жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық
курамы**

Ескеरту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 18.02.2022 № 122 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Сарықөл ауданы Барвиновка ауылының тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Сарықөл ауданы Барвиновка ауылының тұрғындары үшін	5